

Предоставляется возможным сделать вывод, как влияние фанатов выходит за рамки собственных форумов, привлекая крупные компании к популяризации данного контента для широкой публики.

Возвращаясь к фестивальной культуре, можно заметить большое количество людей в косплее. Косплей – это перевоплощение в персонажа через костюм и мимику героя, чтобы образ получился похожим и узнаваемым. На Comic Con Astana даже есть специальный призовой фонд в размере 2 000 000 (двух миллионов) тенге на 2025 год. В косплее нет ограничений в методах реализации костюма, например, в 2019 году приезжал Григорий Айрапетян – известный в косплей-сообществе как Alfakote – и привез из Санкт-Петербурга лично созданного метрового робота «Мека» из игры Overwatch.

Подводя итог, можно утверждать, что Comic Con и гик-культура перестали быть «детским увлечением». На данный момент это мощный инструмент социализации, который может помочь людям выйти из цифровой изоляции. Социологический опрос показал, что молодые люди не заменяют реальность виртуальным миром, а дополняют её новыми эмоциями, которых может не хватать в повседневной жизни. Желание участвовать на тематических фестивалях и принимать участие в фанатской культуре, напрямую влияет на личностный рост и характер человека, как говорилось выше, без страха проявиться.

Список литературы

1. Associations Between Screen Time Use and Health Outcomes Among US Teenagers [Электронный ресурс] // Centers for Disease Control and Prevention. – 2025. – URL: https://www.cdc.gov/pcd/issues/2025/24_0537.htm (дата обращения: 20.03.2026).
2. Comic Con Astana 2024: официальный сайт фестиваля [Электронный ресурс]. – 2024. – URL: <https://comicconastana.kz/2024> (дата обращения: 20.03.2026).
3. Ним Е. Г. Поп-культура, фэндомы и нейросети: фанаты встречаются с ИИ [Электронный ресурс] // Мониторинг. – 2024. – № 5 (183). – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/pop-kultura-fendomy-i-neyroseti-fanaty-vstrechayutsya-s-ii> (дата обращения: 20.03.2026).
4. Лейканд Д. А., Масленкова Н. А. Фандом: сообщество, субкультура или собственный мир? Подходы к определению феномена фанатских групп [Электронный ресурс] // Вестник магистратуры. – 2024. – № 6-2 (153). – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/fandom-soobschestvo-subkultura-ili-sobstvennyy-mir-podhody-k-opredeleniyu-fenomena-fanatskih-grupp> (дата обращения: 20.03.2026).

КӨППОЛЯРЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ РӨЛІ

Исенбеева А.Ж.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің
саясаттану оқу бағдарламасының студенті, Қазақстан
e-mail: ai_zere_zhanibekovna@mail.ru

*Ғылыми жетекші: т.ғ.к, қауымдастырылған
профессор Жумасұлтанова Г.А.*

Жаңа мыңжылдықтың алғашқы онжылдықтарынан бастап жаһандық саяси сахнада фундаменталды трансформациялар белең алды. Бұрынғы бір полності басқару жүйесі келмеске кетіп, оның орнын ықпал ету тетіктері сан-салалы, көпвекторлы жаңа парадигма басты. Бұл процесс әлемдік державалар арасындағы күш тепе-теңдігінің қайта қаралуымен және мемлекеттердің бір-біріне стратегиялық тәуелділігінің артуымен ерекшеленеді. Мұндай құбылмалы жағдайда Қазақстан секілді орта державалар үшін сыртқы саяси вектордың маңызы бұрынғыдан да өсті. Себебі, бұл тек егемендікті сақтау емес, сонымен бірге жаһандық иерархияда өзіндік субъектілік сипатты иелену жолындағы күрес. Студенттік пайым бойынша, бұл дәуір – ұлттық дамудың дербес моделін сақтай отырып, жаһандану ағындарына икемді бейімделуді талап ететін сындарлы кезең. Қазақстан мемлекеттілігін нығайту барысында дипломатияны тек сыртқы қатерден қорғану құралы емес, сонымен қатар экономикалық өсім мен халықаралық имиджді қалыптастырудың басты катализаторы ретінде пайдаланды [1, 53 б].

Елдің халықаралық аренадағы саяси салмағын айқындайтын іргелі фактор – оның геокеңістіктік орналасуы. Еуразия материгінің кіндігінде орын тебуі Қазақстанды Шығыс пен Батыс өркениеттері арасындағы табиғи диалог алаңына және транзиттік торапқа айналдырды. Бұл

географиялық ерекшелік елімізге жаһандық сауда және логистика тізбегінде маңызды буын болуға жол ашты. Осы геостратегиялық басымдық мемлекеттің әлемдік деңгейдегі сенімді әрі болжамды серіктес ретінде танылуына негіз болды. Соңғы уақытта қарқын алған «Орта дәліз» (ТМХР) жобасы Қазақстанның транзиттік әлеуетін жаңа белеске шығарып, жаһандық жеткізу тізбегіндегі рөлін бекітті. Зерттеушілердің тұжырымына сүйенсек, бұл бағыттың жандануы қаржылық пайдамен қатар, ел ішіндегі инфрақұрылымның сапалы жаңаруына да септігін тигізді [2, 78 б].

Қазақстан дипломатиясының өзекті принципі – стратегиялық тепе-теңдікті ұстану. Ресми Астана түрлі жаһандық күш орталықтарымен тең дәрежелі және өзара тиімді байланыс орнатуды басты мақсат тұтады. Көпжақты дипломатия аясында халықаралық институттармен жұмыс істеуге басымдық беріледі. Бұл ұстаным мемлекеттің жаһандық саясаттағы бейбітшілік пен тұрақтылық символына айналуына мүмкіндік берді. Мәселен, ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартуы және Будапешт меморандумы шеңберіндегі қауіпсіздік кепілдіктері еліміздің моральдық беделін биіктетті. Сондай-ақ, Сирия дағдарысын реттеуге бағытталған «Астана процесі» алаңын ұсынуы – мемлекеттің бітімгершілік әлеуеті мен делдалдық қабілетінің жарқын айғағы [3, 112 б].

Көпполярлы әлем құрылымында Қазақстан өзін экономикалық және мәдени-гуманитарлық тұрғыдан да белсенді танытуда. Шетелдік инвестициялар үшін тартымды климат жасау және өнеркәсіптік әртараптандыру саясаты жүйелі түрде іске асырылуда. Сонымен қатар, «жұмсақ күш» (soft power) құралдарын пайдалану арқылы мәдени-білім беру кеңістігіндегі ықпалын арттыруда. Мұндай кешенді тәсіл сыртқы сын-қатерлерге қарсы тұруға және заман ағымына тез икемделуге көмектеседі. Бұған мысал ретінде «Болашақ» бағдарламасын келтіруге болады: бұл бастама елдің адами капиталын әлемдік стандарттарға сай дамытудың бірегей үлгісіне айналды [4, 95 б].

Еліміздің халықаралық экономикадағы орны оның тасымал мүмкіндіктерімен тікелей сабақтас. Азия мен Еуропаны жалғап жатқан көлік магистральдары жаһандық экономикалық интеграцияны қамтамасыз етуде маңызды. Логистикалық инфрақұрылымды модернизациялау, теңіз порттарының қуатын арттыру Қазақстанды өңірлік хаб деңгейіне көтерді. Атап айтқанда, Ақтау мен Құрық порттарының әлеуетін кеңейту Каспий арқылы өтетін жүк ағынын еселеді. Бұл мемлекеттің экономикалық егемендігін нығайтып, әлемдік саудадағы позициясын бекемдеді [5, 61 б].

Энергетикалық дипломатия – Қазақстанның сыртқы саясатының ажырамас бөлігі. Бай табиғи қорлар елімізді жаһандық энергия нарығындағы негізгі ойыншылардың біріне айналдырды. Мұнай-газ секторы мен уран экспорты экономиканың тұрақтылығын ғана емес, сонымен бірге халықаралық серіктестіктің де беріктігін қамтамасыз етеді. Соңғы жылдары ресми Астананың «жасыл экономикаға» көшу және жаңартылатын энергия көздерін дамыту бағытындағы қадамдары оның экологиялық жауапкершілігін айқындайды. Бұл стратегия мемлекеттің жаһандық беделін жаңа сапалық деңгейге көтерді [6, 134 б].

Мәдени және гуманитарлық дипломатия Қазақстанның ұлттық болмысын әлемге паш етудің басты құралы. Түрлі мәдени жобалар мен халықаралық бастамалар арқылы мемлекет жағымды имидж қалыптастыруда. Гуманитарлық көмек беру және білім беру саласындағы белсенділік еліміздің жаһандық деңгейдегі рухани салмағын арттырады. Бұл бағыт Қазақстанның тек экономикалық ресурстарға ғана емес, сонымен қатар терең мәдени құндылықтарға негізделген мемлекет екенін дәлелдейді [4, 122 б].

Ядролық қарусыз әлем құру жолындағы Қазақстанның ұстанымы – оның халықаралық дипломатиядағы «төлқұжаты». Егемендік таңында жасалған бұл батыл қадам елдің жаһандық қауіпсіздікке қосқан ең үлкен үлесі ретінде бағаланады. Төмен байытылған уран банкінің ашылуы секілді стратегиялық жобалар Қазақстанның атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдаланудағы көшбасшылығын көрсетті. Мұндай саясат елімізге халықаралық келіссөздерде беделді төреші және сенімді серіктес мәртебесін алып берді [1, 73 б].

Экономикалық модельді трансформациялау және оны шикізаттан арылту – Қазақстанның ұзақ мерзімді басымдығы. Инновациялық индустрияға көшу арқылы мемлекет өзінің инвестициялық тартымдылығын арттыруда. Арнайы экономикалық аймақтар мен заманауи логистикалық орталықтардың құрылуы елді өңірлік экономикалық локомотивке айналдыруда. Инвестициялардың тұрақты келуі мемлекеттегі бизнеске қолайлы құқықтық ортаның қалыптасқанын айғақтайды [2, 95 б].

Климаттың өзгеруіне қарсы күрес және экологиялық бастамалар Қазақстанның жаһандық күн тәртібіндегі рөлін өсіруде. Халықаралық экологиялық пактілерді орындау және көміртек бейтараптығына ұмтылу – мемлекеттің стратегиялық таңдауы. Табиғи экожүйелерді қорғау және ресурстарды үнемдеу бағытындағы жұмыстар халықаралық қауымдастық тарапынан жоғары бағалануда. Бұл елдің орнықты даму принциптеріне адалдығын көрсетеді [3, 118 б].

Ғылым мен білім саласындағы трансшекаралық ынтымақтастық Қазақстанның интеллектуалдық әлеуетін ілгерілетуде. Жастарды әлемдік оқу орындарында даярлау, ғылыми тәжірибе алмасу – ұлттық бәсекеге қабілеттіліктің кепілі. Бүгінде Қазақстан тек білім экспорттаушы емес, сонымен бірге шетелдік студенттерді тарту арқылы өңірлік білім хабына айналууда. Бұл көпполярлы әлемде білім арқылы өз орнын нығайтудың тиімді жолы [4, 142 б].

Цифрлық даму және инновациялар Қазақстан дипломатиясының жаңа қырына айналды. «Электронды үкімет» жүйесін енгізудегі табыстар мен IT-сектордың өсуі мемлекеттің заманауи келбетін қалыптастыруда. Халықаралық технопарктермен байланыс орнату және стартаптарды қолдау арқылы ел цифрлық экономиканың маңызды қатысушысына айналды. Цифрлық дипломатия – бұл жаһандық ақпараттық бәсекеде мемлекет мүддесін қорғаудың жаңа тетігі [5, 76 б].

Орталық Азиядағы интеграциялық процестерді қолдау Қазақстанның аймақтық саясатының дінгегі болып табылады. Көршілес елдермен тығыз экономикалық және қауіпсіздік байланыстарын орнату – өңірлік тұрақтылықтың алғышарты. Қазақстан аймақтық көшбасшы ретінде су, энергия және транспорт мәселелерін бірлесіп шешуге бастамашылық жасап келеді. Бұл белсенділік еліміздің халықаралық деңгейдегі саяси салмағын арттыра түседі. Қазақстанның көпполярлы әлемдегі стратегиялық жағдайы бойынша келесі SWOT-талдауға назар аударуға болады (Кесте 1).

Кесте 1

Қазақстанның көпполярлы әлемдегі стратегиялық жағдайы (SWOT-анализ)

Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)
<p>Тиімді геокеңістік – Еуразиялық транзиттік торап.</p> <p>Орасан зор энергетикалық және табиғи қорлар.</p> <p>Көпвекторлы әрі теңгерімді сыртқы саясат.</p> <p>Халықаралық ұйымдардағы беделді мүшелік.</p> <p>Ядролық қарусыз мемлекет ретіндегі бейбіт имидж.</p>	<p>Экономикалық құрылымның шикізатқа байлануы.</p> <p>Технологиялық инновациялардың баяу енуі.</p> <p>Өндеуші өнеркәсіптің жеткіліксіз деңгейі.</p> <p>Саяси және құқықтық реформалардың қарқыны.</p> <p>Экспорттық бағыттардың шектеулілігі.</p>
Мүмкіндіктер (Opportunities)	Қауіп-қатерлер (Threats)
<p>Транзиттік дәліздерді (Орта дәліз) дамыту.</p> <p>«Жасыл» энергетикаға инвестиция тарту.</p> <p>Интеллектуалдық және мәдени экспортты арттыру.</p> <p>Орталық Азиядағы интеграциялық көшбасшылық.</p>	<p>Геосаяси текетірестер және санкциялық қысым.</p> <p>Әлемдік нарықтағы ресурстар бағасының құбылуы.</p> <p>Өңірлік қауіпсіздікке төнетін экстримистік қатерлер.</p> <p>Киберкеңістіктегі ақпараттық қауіптер.</p>

(Дереккөз: ҚР Сыртқы істер министрлігі мәліметтері негізінде жасалған, 2022)

SWOT талдауының нәтижесі көрсеткендей, Қазақстанның әлемдік жүйедегі рөлі оның табиғи басымдықтары мен салиқалы дипломатиясына негізделген. Күшті тұстарды пайдалана отырып, мемлекет жаһандық процестерге ықпал ету мүмкіндігін сақтап отыр. Алайда, шикізаттық тәуелділік пен технологиялық дефицит секілді әлсіз жақтарды еңсеру – алдағы уақыттың басты міндеті. Геосаяси шиеленістер мен экономикалық тұрақсыздық жағдайында Қазақстан үшін стратегиялық икемділік пен ішкі ресурстарды әртараптандыру өміршең маңызға ие.

Тұжырымдай келгенде, Қазақстанның көпполярлы дүниедегі орны оның прагматикалық және көпвекторлы саясатының жемісі болып табылады. Географиялық тиімділік, ресурсқа байлық және бейбітшілікке негізделген дипломатия мемлекеттің халықаралық субъектілігін нығайта түсті. Еліміздің делдалдық қызметі мен ядролық қарусыздану саласындағы бастамалары оны әлемдік қауымдастықтың жауапты мүшесі ретінде бекітті. Болашақта цифрландыру, экологиялық жауапкершілік және адами капиталды дамыту арқылы Қазақстан жаһандық жүйедегі өз позициясын сақтап қана қоймай, оны жаңа сапалық деңгейге көтере алады. Бұл стратегия ұлттық мүдде мен жаһандық тұрақтылықты ұштастыратын заманауи мемлекеттік басқарудың үлгісі болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Бейбітшілік кіндігі. – Астана: Елорда, 2001. – 256 б.
2. Тоқаев Қ.К. Беласу: Сыртқы саясат туралы толғаныстар. – Алматы: Дәуір, 2003. – 464 б.

3. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі / Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының көрсеткіштері: Статистикалық жинақ. – Астана, 2023. – 210 б.

4. Сұлтанов Б.Қ. Қазақстан және әлемдік қоғамдастық: көпжақты дипломатияның басымдықтары. – Алматы: КИСИ, 2018. – 180 б.

5. Қазақстан Республикасының сыртқы саясат тұжырымдамасы (2014–2020 жж. және 2020–2030 жж.). – Астана: ҚР СІМ, 2014/2020.

6. Ысқақов Қ.Р. Еуразиялық кеңістіктегі геосаясат және Қазақстанның транзиттік әлеуеті. – Алматы: Экономика, 2022. – 195 б.

7. Мәуленов Қ.С. Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық саясаты. – Алматы: Дарын, 2019. – 240 б.

8. Әріпбайұлы М. Аймақтық қауіпсіздік: Сын-қатерлер мен жауаптар. – Астана: Парасат, 2021. – 150 б.

Z – БУЫНЫНЫҢ САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ РӨЛІ МЕН ҢҚПАЛЫ

Қият Х.А.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің Саясаттану оқу бағдарламасының студенті, Қазақстан

e-mail: khaknazarkiyat@gmail.ru

Ғылыми жетекші- т.ғ.к, қауымдастырылған профессор

Г.А. Жумасултанова

Қазіргі таңда цифрлық технологиялар қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласына терең еніп, әсіресе жас ұрпақтың әлемді қабылдауы мен өзара әрекеттесу тәсілін түбегейлі өзгертті. Z буыны (шамамен 1997-2012 жылдар аралығында туғандар) [1] – интернет пен әлеуметтік желілерді өмірінің ажырамас бөлігі еткен [2] "цифрлық тұрғындар" болып табылады. Олар ақпаратты тез қабылдайды және өз ойларын ашық білдіруге бейім деген пікір бар [3].

Әлеуметтік желілер (TikTok, Instagram, Telegram) тек ақпарат алмасу алаңы ғана емес, сонымен қатар саяси дискуссияға және қоғамдық пікір қалыптастыруға арналған күрделі құралға айналды [4]. Z буынының әлеуметтік желілердегі белсенділігі олардың саяси санасына, көзқарасына және сайып келгенде, мемлекеттің болашағына айтарлықтай ықпал етуде. Осы тұрғыда, жаһандану мен цифрлық трансформация жағдайында олардың саяси белсенділігінің сипатын, оған әлеуметтік желілердің тигізетін оң және теріс әсерін зерттеу өзекті болып табылады.

Құндылықтары, ойлау және мінез-құлық ерекшеліктеріне келетін болсақ, Z буынының өкілдері технологияны өте жақсы меңгерген. Олардың ақпаратты қабылдау ерекшелігі – бұл "клиптік сана" немесе "клиптік ойлау"[5]. Бұл олардың ақпаратты қысқа сегменттерде, жылдам өңдеуге бейім екенін, бірақ зейінін шоғырландыру қабілеті төмендеуі мүмкін екенін білдіреді. Олар бір уақытта бірнеше істі қатар орындауға бейім (көп тапсырмалылық). Құндылықтарға келетін болсақ, қазақстандық жастар үшін ең бастысы – отбасы (~80%) және денсаулық (~63%) болып қала береді [3]. Дегенмен, олар инклюзивтілікті, ашықтықты, әділеттілікті және еркіндікті жоғары бағалайды және әлемді өзгертетініне сенеді. Бұл буын көшбасшылыққа ұмтылысымен де ерекшеленеді.

Ақпараттық технологиялар Z буынының жастар өмірінде өте маңызды және ең басты кілт болып табылады. Z буынының ақпаратты тұтыну әдеттері дәстүрлі медиадан жаңа медиа платформаларына ауысқан. Олар ақпараттық кеңістікте өз пікірлерін жариялауда маңызды рөл атқарады. Бұл олардың ақпаратты манипуляциялауға, әсіресе фейк жаңалықтардың таралуына ықпал ету мүмкіндігін арттырады деген ой бар [2].

Әлеуметтік желілер (Facebook, Instagram, TikTok, Telegram) ақпаратты таратудың, жеткізудің және қабылдаудың негізгі механизміне айналды. Бұл платформалар арқылы саяси жаңалықтар тез тарап, жастардың саяси көзқарасы жедел қалыптасады. TikTok-тағы қысқа видеолар, мемдер және инфографика сияқты визуалды контенттер клиптік санаға ие Z буыны үшін ақпаратты тиімді жеткізу құралы болып табылады [4]. Мысалы, Telegram саяси наразылық пен ұйымдасу үшін жабық және жылдам арна ретінде, ал TikTok әлеуметтік-саяси акцияларды кеңінен тарату үшін қолданылады.

Әлеуметтік желілер қоғамдық пікірді қалыптастыруда өте күшті. Мысалы, Қазақстандағы "экс-министрдің ісі" сияқты резонанстық оқиғаларға байланысты зорлық-зомбылыққа қарсы акциялардың